

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ ДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Уразалиева Р.М., педагогика ғылымының магистрі, [ryskul\\_0405@mail.ru](mailto:ryskul_0405@mail.ru)*

*Ахметова М.М., педагог-модератор, [mira-nurlan73@mail.ru](mailto:mira-nurlan73@mail.ru)*

*Қызылорда ашық университеті,*

*№36 “Нұрәлем” бөбекжай-балабақшасы, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*

**Аннотация:** Мақалада үздіксіз экологиялық білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады. Экологиялық білім берудің мазмұны, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формалары, оқыту әдістері мен көрнекі құралдарды қолдану ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан сипатталады. Сонымен қатар, тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған шығармашылық тапсырмалар мен практикалық әрекеттердің тиімділігі талданады. Экологиялық білім берудегі интеллектуалдық және табиғатты сезім арқылы қабылдауға негізделген рухани тәсілдердің өзара байланысы негізделіп, экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы рөлі айқындалады.

**Түйін сөздер:** экологиялық білім беру, экологиялық тәрбие, үздіксіз білім беру, педагогикалық технология, шығармашылық тапсырмалар, көрнекі құралдар, экологиялық сана, экологиялық мәдениет, мектепке дейінгі жас.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются педагогические особенности организации учебно-воспитательного процесса в системе непрерывного экологического образования. Научно описываются содержание экологического образования, формы организации учебной деятельности, методы обучения и особенности использования наглядных средств. Также анализируется эффективность творческих заданий и практической деятельности, направленных на развитие познавательной активности воспитанников. Обосновывается взаимосвязь интеллектуальных и духовных подходов, основанных на чувственном восприятии природы, и их роль в формировании экологической культуры.

**Ключевые слова:** экологическое образование, экологическое воспитание, непрерывное образование, педагогическая технология, творческие задания, наглядные средства, экологическое сознание, экологическая культура, дошкольный возраст.

Қазіргі қоғамдағы экологиялық мәселелердің жаһандық сипат алуы білім беру жүйесінің мазмұны мен әдістерін жаңартуды талап етеді. Экологиялық білім беру – тұлғаның табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыруға бағытталған маңызды педагогикалық үдеріс. Ол білім алушылардың экологиялық дүниетанымын, мәдениетін және табиғатты қорғауға бағытталған құндылықтарын қалыптастыруды көздейді. Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесі мектепке дейінгі кезеңнен бастап жоғары білім деңгейіне дейін жүзеге асырылып, білім алушылардың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

С.Н. Николаеваның пікірінше, мектепке дейінгі кезең – адам тұлғасының қалыптасуының бастапқы сатысы, осы кезеңде жеке тұлғалық мәдениеттің негіздері қаланады. Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – экологиялық мәдениеттің бастапқы негіздерін қалыптастыру, яғни баланың қоршаған табиғатқа, өзіне және адамдарға табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде саналы қарым-қатынасын, сондай-ақ табиғи материалдар мен заттарға ұқыпты көзқарасын дамыту. Мұндай қатынас экологиялық мазмұндағы қарапайым білімдер жүйесіне негізделеді [1, 7-б.].

Мектепке дейінгі жас үздіксіз экологиялық білім беру жүйесінің алғашқы буыны әрі адамның тұлғалық қалыптасуы мен табиғат әлеміндегі құндылықтық бағдарларының бастапқы кезеңі болып табылады. Алайда мектепке дейінгі жастағы бала экологиялық білімнің күрделілігі, көпқырлылығы және ауқымдылығы себепті ересек адамның көмегінсіз бұл мазмұнды толық меңгере алмайды. Сондықтан тәрбиеші экологиялық тәрбиенің негізгі субъектісіне айналады. Баланың экологиялық санасының, тірі ағзаларға деген гуманистік қатынасының, табиғи ортадағы экологиялық бағытталған мінез-құлқы мен іс-әрекетінің қалыптасу деңгейі көбіне педагогтың кәсіби қызметіне байланысты. Бұл әрекет тек болашақ

ұрпақ үшін табиғатты сақтау ұстанымына емес, табиғатты оның өз құндылығы үшін қорғау қажеттілігіне негізделуі тиіс.

Л.С. Выготскийдің ғылыми тұжырымдамасына сәйкес, зияткерлік даму баланың меңгерген білім көлемімен емес, ойлау сапасымен және интеллектуалдық операциялардың қалыптасу деңгейімен анықталады [2, 201-б.]. Ғалымның пайымдауынша, интеллектуалдық даму – баланың жаңа білімді игеруге танымдық дайындығын сипаттайтын негізгі көрсеткіш. Осы тұрғыда таным үдерісінде бала тірі ағзалардың тіршілік ету заңдылықтарын, олардың өмір сүруіне қажетті жағдайларды түсіне отырып, табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырады. Бұл үдеріс экологиялық мәдениеттің бастапқы негіздерінің қалануына ықпал етеді. 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасының басты қағидасында экологиялық мәдениет адамның табиғатпен өзара әрекеттесуінде көрініс табатын жалпы мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [3]. Аталған нормативтік құжатты талдау нәтижесінде экологиялық мәдениеттің құрылымында үш негізгі компонент айқындалады: экологиялық сана (табиғат жөніндегі жүйелі білім мен түсініктер), табиғатқа құндылықтық және жауапты қатынас, сондай-ақ қоршаған ортаға бағытталған белсенді практикалық іс-әрекет. Осы компоненттердің бірлігі тұлғаның экологиялық тұрғыдан саналы мінез-құлқын қалыптастырып, білім беру үдерісінде экологиялық мәдениетті дамытудың ғылыми-педагогикалық негізін құрайды.

Зерттеуші Г. В. Платонов экологиялық сананы былай сипаттайды: «Экологиялық жағдайдың қалыптасуына адамның және қоғамның саналы қатысуы, табиғатпен ажырамас байланысын түсіну, табиғатқа қатысты іс-әрекет ету дағдысы мен әдеті, яғни табиғи ортаның байланыстары мен айналымдарын бұзбай, оны қазіргі және болашақ ұрпақ үшін жақсартуға бағытталған әрекеттері». Осы тұрғыдан алғанда, адамның табиғатпен тығыз байланысы дәстүрлі мәдениеттерде де, экологиялық санада да олардың бір-біріне белгілі дәрежеде тәуелді екенін көрсетеді [4, 72-б.]. Экологиялық сананың негізін жүйелі сипаттағы экологиялық білім құрайды. Экологиялық білім өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік ортасымен өзара әрекеттесуі, олардың бейімделуі, адамның табиғаттың бір бөлігі ретіндегі рөлі, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаның ластануы туралы жүйелі мәліметтер жиынтығы ретінде қарастырылады [1, 7-б.]. Осы білімді қалыптастыруда балабақшадағы оқу іс-әрекеті негізгі ұйымдастырушылық форма болып есептеледі, өйткені ол балалардың экологиялық түсініктерін практикамен ұштастыра отырып, экологиялық білім, экологиялық сана мен дағдылардың бастапқы негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы [5] осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған және тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттердің қарапайым дағдыларын меңгертуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бағдарлама өнер туындыларын қабылдау және түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану қабілеттерін дамыту арқылы тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Осы білімді қалыптастыруда тәрбиеші қолданатын әдістер мен тәсілдер маңызды рөл атқарады, себебі олар баланың табиғатты тану және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, әдістердің тиімділігі тек олардың дұрыс қолданылуы және баланың белсенді білім алуына ынталандыруына байланысты. Осы тұрғыда балалар әдебиеті ерекше орын алады, өйткені ол баланың әлемді эмоциялық тұрғыда қабылдауына, экологиялық құбылыстар мен тірі организмдер арасындағы байланыстарды түсінуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде экологиялық мәдениет пен сананы қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады (Б.М. Бим-Бад, 2018) [6, 115-б.]

Балалар әдеби шығармаларын талқылау кезінде олар адамның табиғатқа тигізетін теріс әсерлерін байқай алады. Сол арқылы экологиялық бағыттағы ертегілер балаларға қоршаған ортаның әртүрлі жақтарын көріп, табиғатқа дұрыс көзқарас қалыптастыруға және оны түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай шығармалар табиғаттағы құбылыстар мен объектілер арасындағы

өзара байланысты көрсетіп, өсімдіктер мен жануарлардың қажеттіліктерін түсінуге үйретеді, сондай-ақ адам мен тірі табиғат арасындағы өзара әрекетті бейнелейді.

Экологиялық бағыттағы классикалық авторлардың шығармалары, мысалы, В. Бианки («Лесная газета», «Сказки о животных», «Звери и птицы»), Б. Житков («Рассказы о животных», «Морские приключения»), В. Зотов («Лесная азбука»), Е. Чарушин («Животные и дети», «Лесные рассказы»), Н. Рыжова («В мире природы»), балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруға, экологиялық білімнің негізгі ұғымдарын меңгертуге және табиғаттағы объектілер мен құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды көрнекі иллюстрациялар арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі балабақша тәжірибесінде балаларды жануарлар мен табиғат әлемімен таныстыру үшін энциклопедиялық суретті басылымдар кеңінен қолданылады («Зоология в картинках» А.С. Барков; «Животные» Л.Я. Гальперштейна; «Подводный мир» А.И. Криволапов; «Жануарлар туралы үлкен энциклопедия» Ш. Сайымқұлова). Дегенмен, көлемді энциклопедиялық басылымдар кейде баланың қызығушылығын төмендетуі мүмкін, себебі олар тек деректер жиынтығы ретінде қабылданып, тірі табиғаттың мәнін жеткізбейді.

Сонымен қатар, қазақ балалар әдебиетінде А.Байтұрсынұлының шығармалары да экологиялық білім беруде маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Өсімдіктің жер жүзіне таралуы» мәтіні өсімдіктердің өмірлік ерекшеліктерін таныстыруға, ал жануарлар класының өкілдерін ажыратуға арналған «Бақа-шаян», «Құрт-құмырсқа», «Құс» тәрізді мәтіндер тиімді болып саналады. Бұл еңбектер балаларға табиғаттағы объектілер мен құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды түсінуге, экологиялық ұғымдарды меңгеруге және қоршаған ортаға саналы қатынас қалыптастыруға жағдай жасайды.

Балабақшадағы экологиялық білімді дамыту барысында жасанды интеллект (ЖИ) технологиясы арқылы жасалған видеоматериалдар тиімді құрал болып табылады. Атап айтқанда, «Мені қоршаған орта», «Таза қалам», «Жасыл достар әлемі» сияқты авторлық ертегілер желісімен құрастырылған видеолар балаларға табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жауапты қатынас және экологиялық құндылықтарды меңгеруге мүмкіндік береді.

Экологиялық білімді бақылау, бекіту және тереңдету құралы ретінде **сурет салу** жүйелі тәсілдердің бірі болып табылады, себебі оның тиімділігі суреттің мазмұны мен сапасына тікелей байланысты. Балабақшада бұл әдіс келесі кезеңдерде жүзеге асырылады:

1. Мақсат қою – балаларға үй тапсырмасы мен сурет тақырыбы егжей-тегжейлі түсіндіріледі, сондай-ақ ең жақсы суретке конкурс ұйымдастырылады.

2. Үй тапсырмасын орындау – алынған білімді қайталау, бекіту және тереңдету процесі жүзеге асады; бала материалды еске алады, қиындық туындаған жағдайда ата-аналармен немесе сыныптастарымен кеңеседі, кітаптардан ақпарат іздейді. Дайындалған сурет баланың алған білімін визуалды түрде көрсетуі ретінде «қолданбалы конспект» қызметін атқарады.

3. Білімді меңгеру деңгейін бақылау – педагог балалардың материалды дұрыс түсінгенін бағалайды, қажет болған жағдайда қосымша түсіндірулер енгізеді.

4. Суретті қорғау – бала өз жұмысын түсіндіріп, неліктен дәл осыны таңдағанын баяндайды; басқа балалардың жұмыстарын тыңдау арқылы материалды қайталау, жаңа ақпаратты бақылау және білімді тереңдету жүзеге асады.

Балалардың шығармаларын талдау олардың дайындық деңгейін анықтауға және ішкі дүниесін тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дайындалған суреттер көрмеге қойылып, көрнекі құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мұндай шығармашылық іс-әрекет табиғат объектілері мен құбылыстарын бейнелеп қана қоймай, олардың өмірлік ортасы мен экологиялық байланыстарын түсінуге жағдай жасайды, осылайша балалардың экологиялық санасы мен білімін дамытуда тиімді әдіс болып табылады.

**Шығармашылық іс-әрекеттер** балабақшадағы экологиялық білім беру процесінде педагогикалық әдістерді тиімді қолданудың маңызды құралы болып табылады. Мысалы, «Топырақтың қасиеттері» және «Өсімдіктің тыныс алуы» тақырыптарында тәжірибелік зерттеулер балалардың бақылау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Қайта өңделетін материалдардан эко-қолөнер жасау, мысалы, «Эко-ойыншық» жобасы,

балаларға шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және экологиялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді. Ата-аналармен бірлесе жүргізілген жобалар әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастырады және командада жұмыс істеу қабілетін дамытады. Осылайша, шығармашылық іс-әрекеттер баланың ойлау қабілетін, эмоционалды интеллектін, табиғатқа жауапкершілігін арттырады және экологиялық білімді кешенді түрде меңгеруге ықпал етеді.

Балабақшадағы ойын іс-әрекетіндегі **экологиялық ойындар** балалардың табиғаттағы объектілер мен құбылыстарды тануына, қоршаған ортаны бақылау қабілетін қалыптастыруға және экологиялық ұғымдарды меңгеруге ықпал етеді. Мысалы, «Жануарлар мен өсімдіктер әлемі», «Тазалық сақшылары» сияқты тақырыптар бойынша өткізілетін рөлдік ойындар арқылы балаларға табиғатты қорғаудың маңыздылығы тәжірибелік түрде көрсетіледі. Сонымен қатар, балаларды бірлесіп жұмыс істеуге үйрететін командалық ойындар («Кім жылдам», «Жылдың қай мезгілі», «Өсімдіктер мен жан-жануарларды ажырат») экологиялық проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оған қоса, жануарлар мен өсімдіктер туралы викториналық сұрақтар балалардың танымдық белсенділігін арттырып, алған білімдерін бекітуге мүмкіндік береді. Осылайша, ойын әдістері балалардың зерттеушілік, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызды педагогикалық құрал ретінде қызмет атқарады.

Балабақшадағы экологиялық білім беру үдерісінде барлық оқыту құралдары мен әдістер біріктіріледі. Көрнекі материалдар, шығармашылық және практикалық тапсырмалар, ойын элементтері мен зерттеушілік әрекеттер балалардың табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Педагогтің кәсіби шеберлігі, оқу іс-әрекетінің икемді құрылымы мен ойын-тәжірибелік тәсілдерді тиімді қолдануы экологиялық білім берудің нәтижелілігін арттырады.

Қорыта айтқанда, балабақшада үздіксіз экологиялық білім беру жүйесінде оқу-тәрбие іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру, көрнекі құралдарды пайдалану, шығармашылық және практикалық тапсырмаларды енгізу балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Экологиялық білім беру мазмұнын және әдістерін жаңарту табиғатты қорғауға жауапты, саналы тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған маңызды педагогикалық міндет болып саналады.

### **Әдебиеттер:**

1. Николаева, С.Н. Юный эколог. Система работы в средней группе детского сада. Для работы с детьми 4-5 лет: – М.: Мозаика-синтез, 2010 ISBN 978-5-86775-731-1
2. Выготский, Л. С. Психология развития ребенка. – М.: Изд-во Смысл, Изд-во Эксмо, 2004. – 512 с. (Серия «Библиотека всемирной психологии»). ISBN 5-699-03524-9
3. Концепции развития экологической культуры "Таза Қазақстан" на 2024 – 2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2024 года № 910 Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000910/history>
4. Платонов, Г. В. Диалектика взаимодействия общества и природы / Г. В. Платонов. – М.: Изд-во МГУ, 1989. – 191 с.
5. Об утверждении Типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения Приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 августа 2016 года № 499. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 14 сентября 2016 года № 14235. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235/info>
6. Бим-Бад, Б. М. История и теория педагогики. Очерки : учебное пособие для вузов / Б. М. Бим-Бад. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2019. – 253 с. (Авторский учебник). ISBN 978-5-534-08058-2. Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. – URL: <https://urait.ru/bcode/436489>.